

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№5 ХАТТАМАСЫ**

**Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы**

**28.05.2025ж
сағат 10:00**

- Шақырылғандар:**
1. Қордай ауданының білім бөлімінің басшысы – Аширбеков Санат Сағымбекович;
 2. Қордай ауданының білім бөлімі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскері – Амреева Раушан Сағыновна;
 3. «Айналайын» балабақшасының меңгерушісі – Аманбаева Мадина Ахановна;
 4. «Бөбек» балабақшасының меңгерушісі – Абдыбаева Гүлнар Жұмановна;
 5. «Бәйтерек» балабақшасының меңгерушісі – Баймұханбетова Гаухар Төлеубаевна;
 6. Кенен ауылдық округі әкімі – Жылыбаев Арман Қуандықұлы;
 7. Отар ауылдық округі әкімінің орынбасары – Дауталин Бахберген;
 8. БАҚ өкілдері.

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 8 адам.

Қатыспағандар: - 3 адам себепті (К.Ағибаева, М.Байгелов, Ж.Орақбай).

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. Аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелердің Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша атқарылған жұмыстары туралы;
2. Ауылдық округ әкімдерінің әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында атқарып жатқан жұмыстарының есебі;
3. Әртүрлі мәселелер.

Төрағалық етуші, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы- Н.Молдабеков жоспарға сәйкес, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы – Жамангозов Бейкұт Тілебалдыұлы баяндайды, деді.

Ол өз сөзінде: Қордай аудандық қоғамдық кеңесі жылдық жоспарға сәйкес аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына зерделеу жұмыстарын жүргізді. («Айналайын», «Бөбек», «Бәйтерек» балабақшалары).

Зерделеу барысында балабақшалардың жай-күйі, тәрбиешілердің біліктілігі, қауіпсіздік пен санитарлық талаптардың сақталауы қаралды. Оған қоса, мектепке дейінгі ұйымдарда құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мәселесі де зерделенді.

Бүгінге күнге аудан бойынша 18 мемлекеттік балабақша мен 1 мектеп жанындағы шағын орталық жұмыс жасайды (*жалпы педагог саны: 275*).

Аталған мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілерге толыққанды 3 мезгіл тамақтандыру қарастырылған. Әр балабақшаның ас мәзірі қажетті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары» санитариялық қағидаларының орындалуы қаралды. Аталған балалар бақшасында серуендер ауа-райы жағдайы ескеріле отырып, күн сайын жүргізіледі. Ойын алаңдарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан қарастырылған. Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Объектілерде ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Балалардың төсек орындары таза, дезинфекциялық ерітінділермен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдардағы «Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштерге тоқталып өтсем:

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер уақытылы тіркеліп, қаралып отырады. Мысалы, 2025 жылы «Бәйтерек» балабақшасына ақпараттық жүйе арқылы 3 өтініш, 1 ұсыныс түскен. «Бөбек» балабақшасына 6 өтініш түскен. «Айналайын» балабақшасына 3 өтініш, 1 ұсыныс түскен. (*Ақпарат ретінде: қызметкерлерді медициналық тексеру, педагог-тәрбиешілерді курстан өткізу, тәрбиеленушілерге сурет салу конкурсы және тәрбиеші-педагогтарға портфолиоға сертификат, бөбекжай-бақшасына доп сатып алу туралы т.б*). Бүгінгі күнге түскен өтініштер оң шешімін тауып, өтініш иелері толық қанағаттандырылған.

Анықталған кемшіліктер мен проблемалық мәселелерге келетін болсақ:

Бірінші мәселе: Бүгінгі күнге мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында өзекті (*проблемалық*) мәселелерде бар. Бұған тоқталып өтетін болсақ, аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды материалдық-техникалық базалардың қажеттілігі бар.

Жалпы 2024 жылы ауданның білім саласына 32 млрд 621 млн 35 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Ағымдағы жылға 33 млрд 201 мың 653 мың теңге қарастырылған.

Мемлекеттік білім беру стандарттарының талабына сай, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тиісті білім беру мақсатында білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайы тиісті нормалар мен стандарттарға сай болуы тиіс. Алайда, бюджеттен бөлінген қаржылардың басым көпшілігі білім саласы қызметкерлерінің еңбек ақысына жұмсалып, материалдық талапты қанағаттандыруға жеткіліксіз болуда. Өз кезегінде білім бөлімі аудандағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайына мониторинг жүргізіп, бюджет әкімшілігі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына бюджеттік өтінімдерін жолдаған. Өкінішке орай сұралған өтінімдерге тиісті қаражаттар берілмей келеді.

Білім бөлімі ауданның білім беру ұйымдарынан түскен сұраныстары мен мониторинг нәтижесіне сәйкес, оның ішінде аудандағы мектепке дейінгі 18 білім беру мекемелерінің сұранысына сәйкес оларға қажетті материалдық-базаларын нығайтуға жалпы 116 млн 160 мың теңге қаражат қажеттілігін мәлімдейді.

Екінші мәселе: кейбір балабақшалардың(Мысалы: «Бөбек» балабақшасы)ойын алаңшаларындағы бейнекамералармен қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде екендігі анықталды.Бұл мәселе балабақшаларды бейнекамералармен толық қамтамасыз ету үшін қосымша қаржыландыруды қажет етеді.

Үшінші мәселе:Медициналық көмек көрсету мәселесі: Алғашқы көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмек пен құралдар жеткілікті, бірақ айта кететін бір мәселе медикаментерді алу мәселесі ағымдағы жылға бөлінген қаражат бүгінгі күнге дейін бір қатар балабақшада игерілмей отыр. Себебі мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес әр балабақша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өздері өткізеді, балабақшаларға бөлінген дәрі-дармектерге қаражат өте аз,сәйкесінше оған ешкім (кәсіпкерлер) конкурсқа қатыспайды. Сол себептен балабақшаларға заң талаптарына сәйкес дәрі-дармектер үшін бөлінетін қаражат орталықтандырып сатып алу конкурстарын облыстық білім басқармасы немесе аудандық білім бөлімі өткізіп берсе деген ұсыныс бар.

Соңғы мәселеге келер болсақ:Бүгінгі күнге 18 балабақша ішінде 10 балабақша осы күнге дейін әлі көмірмен жылындырылады.Мәселені шешу үшін 10 балабақшаны толық газдандыруға қаражат қарастыру қажет.

Сондай-ақ балабақшалар бойынша аудан әкімімен бекітілген өкімге сәйкес ата-аналардың төлейтін жарналарының мөлшері 8500 теңгеден көтерілмеген.Яғни 1 балаға берілетін таңғы, түскі және бесіндік ас құны теңгеге шаққанда 388 теңгеден аспауы керек.Алайдабүгінгі күнге нарықтық бағамен салыстырғанда осы аталған күнделікті сомаға яғни 388 теңгеге бір баланы бір күнге тамақтандыру мүмкін емес.Осыған байланысты ата-ана төлейтін жарналарын көтеруге шаралар қабылдауды ұсынамыз, - деп баяндамасын аяқтады.

Н.Молдабеков: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ. Олай болса, осы мәселе бойынша сөзді Қордай ауданының білім бөлімінің Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімі басшысы – Аширбеков Санат Сағымбековичке беріледі, деді.

Өз сөзінде, жалпы зерделеу жұмыстары жақсы жүргізіліп, анықтамада жақсы жасалған екен, көрсетілген мәселелер дұрыс көрсетілді, дегенмен кейбір мәселелер атқарылмай тұр балабақшалар алды 50 жыл, арты 30 жылдай болды салынғанына, қосымша күрделі жұмыстары жоқ, заманның талабына сай емес, әсіресе Қаракемер ауылындағы «Ырыс» балабақшаның төбесінен су ағып тұр, қабылғалары көгерген, жылу жүйесі пластикалық трубамен жүргізілген, қабырғасы жұқа, кезінде спонсорлық көмекпен кәсіпкер (Қ.Модасейітов) салынған еді, содан соң мемлекет меншігіне берілген болатын. Осы балабақшаны жөндеуге қаражат сұралды, дегенмен ЖСҚ, сараптамадан өткізуге де қаражат әзірге бөлінбей тұр. Осы сияқты ауданда «Бөбек», «Айсауле», «Ертөстік» балабақшаларының жағдайы да осындай, қаражат қарастырылмай тұр.

Н.Молдабеков: ауданда білім саласы облыстың қарамағында болғандықтан, қаражатты облыс көлемінде талап ету қажет, республика өздеріңіз білесіздер, қаражаттың көпшілігі былтыр су тасқынына кетті, ал аудан бюджеті қосымша күрделі жұмыстарды атқаруға бюджет көтермейді, дегенмен облыстан қаражат қарастыру туралы үнемі қайырылу, жоспарлау қажет,- деді. Балабақшада санитарлық нормаларды сақтау керектігін айтып, балалардың тамақтан ұланып қалмауына назар аударды.

Аширбеков С.С: Білім саласының 2027 жылға сертификат, лицензия алу жоспарлануда, атап айтқанда лицензия талаптарына сәйкес бір балаға 3,8 кв.м норматив қарастырылды, ал аудандағы балабақшалар кеңес Одағында салынғандықтан 1,5 кв.м, енді 2,5 кв.м, осыған байланысты ауданымызда 30 пайызға дейін балабақшалар қысқаруы мүмкін. Қазіргі таңда, «Жұлдыз», «Ақмаржан» балабақшаларының жұмыстары тоқтатылды, бала саны жоқ. Сонымен қатар, «Балдаурен» балабақшасында 1 топ ғана балалар бар. Сондықтан да, аталған балабақшаны әзірге жабуға керек болып тұр. Ой үш балабақшаны түгелдей жаппай консервацияға қойылды. Осы мәселелер бойынша қоғамның арасында, яғни қоғамда резонанс туы мүмкіндігін жеткіземін. Анықтамада көрсетілген мәселелер бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Рахмет,- деп С. Аширбеков сөзін аяқтады.

Н.Молдабеков: Білім бөлімінің басшысына сұақтарыңыз барма? Жок. Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –жөк. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Аудандық мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жай-күйін зерделеу қорытындысы бойынша жұмыс тобы мүшелерінің анықтамасы назарға алынсын;

1. Қордай аудандық білім бөлімінің басшысы С. Аширбековке:

1) Аудандағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын қадағалау;

2) Бейнекамера жеткіліксіз балабақшалардың тізімін жасап, ол бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына қаржы қарастыру жөнінде ұсыныс енгізісін;

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дәрі-дәрмектерді мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша аудандық немесе облыстық деңгейде орталықтандырып, тиімді шара қабылдау туралы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына ұсыныс хат жолдансын;

4) Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жылу жүйелерін газға қосу мәселесін шешу және ата-аналардың төлейтін жарналарын қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қарай отырып, аталған мәселенің шешу жолдарын қарастыру үшін Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына өтініш жолдансын.

2. Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 27 -ші маусымына берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша – Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия төрайымы – Алматаева Айнұр Тұрлыбекқызы баяндайды. (Баяндама тіркелді).

Алматаева А: Өз сөзінде, Кенен ауылдық округі бойынша кемшіліктер: халықты ауыз сумен қамтамасыз етуде жаз мезгілінде ауыз су тапшылығы жиі орын алатындығы байқалды.

Кенен ауылдық округі бойынша жалпы 67 мүгедектер бар, мемлекет тарапынан тиісті жәрдемақылармен қамтылған. Ал, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта ішінара құрылған: Ғимарат екі қабаттан тұрады. Ғимаратқа кіре-берісте кресло-қорапқа таңылған мүгедектер үшін төбесі жабылған, тайғақ емес жабынмен жабылған, екі жағында стандартқа сәйкес келетін тұтқалары бар пандус орнатылған. Мүгедектердің автокөлігіне арналған автотұрақ бар. Браиль қарпімен жазылған мекеме атауы жоқ. Көзі нашар көретін немесе көмейтін зағип жандарға арналған тактильді жол жоқ. Ғимараттың бірінші не екінші қабатында мүгедектерді қабылдау орны қарастырылмаған, қабырғаларда арнайы тұтқалар орнатылмаған.

Сонымен қатар, ғимарат ішінде санторап жоқ. Құлағы нашар еститін немесе естімейтін мүгедектер үшін дыбыстық қондырғы орнатылмаған. Билік пен бұқарахалық арасындағы байланыс дұрыс жолға қойылмаған. Ауылдық округте жергілікті қоғамдық кеңесінің төрағасы болып О.Алдасүгіров, ардагерлер кеңесінің төрағасы Д.Тоқтаров және ардагер аналар кеңесінің төрайымы болып К.Қырықбаева сайланған. Бірақ аталған азаматтар сайланғандығы туралы ғана білгені болмаса, еш бір құжаттары, сайланғандығы жайлы хаттамалары не бірде бір жұмыс папкілері жоқ.

Зерделеу барысында округтің бухгалтері жоқ, жұмыстан шығып кеткендігі, оның функционалдық міндеттері бір маманға (финагент) жүктелгендігі анықталды, бірақ міндеттерді жүктеу туралы бұйрық жоқ және аталған маман ешбір сұраққа жауап бере алмады, яғни болып жатқан жағдаймен хабары жоқ деген сөз. Округте мемлекеттік

қызметкерлер саны -4, техникалық қызметкерлер-6, ай сайын еңбекақы алуда, бірақ бекітілген штат кестесі жоқ.

Кенен ауылдық округ бойынша өзекті мәселер, олар жайылым жер мәселесі, округ бойынша жайылым жер-5768,68 га Кенен ауылдық округі аумағында орналасқан 771,0 га запастағы жайылым жер учаскелері бекітілген. 21.11.2022 жылғы №471 Қордай ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген. 2025 жылы жерге орналастыру жұмыстары жүргізіледі. Елді мекендерге жақын 5-7 шақырымды орналасқан шаруашылықтардың жайылмадары туралы мәліметтерді анықтап, олар 13 шаруа қожалықтар барлық көлемі 2205,0 жайылым жер учаскелері мемлекет мұқтажы үшін алыну жоспарлануда.

Спорттық кешенінің құрылыс мәселесі бойынша Жер учаскесі анықталып, мемлекеттік акт әзірленді. Қазіргі таңда құрлыс бөлімінің теңгеріміне берілді. Құрлыс бөлімі тарапынан жобалық сметалық құжаттама әзірленді. Қаржы қарасыру жұмыстары жүргізіледі.

Дәрігерлік амбулаториясы ғимаратын кеңейту мәселесі Дәрігерлік амбулаториясы ғимаратын кеңейту мәселесі бойынша ауылдағы (Е.Кашағанов, №38) дәрігерлік амбулаторияға қосымша ғимарат құрлысын салу жобасы дайын (құны 241,2 млн. теңге) жобалаушы «БС Арчи Групп» ЖШС, сараптама 25.04.2023 ж құрлысы 2025 жылға жоспарланған.

«Е-Лицензиялау» ақпараттық жүйесіне бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының орындалмауы салдарына жүргізілген талдау нәтижелері (2024 жылдың 12 айы қамтылды): 2024 жылдың 12 айында Отар ауылдық округі әкімінің аппаратына ақпараттық жүйе арқылы жалпы 26 өтініш түскен (Анықтама ретінде: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»: 4 өтініш; «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» – 22 өтініш). Оның ішінде: 24 өтінішке оң қорытынды беріліп, 1 өтінішке бас тартылған, 4 өтініш өтініш берушілермен кері қайтарылған (отзыв).

Анықталған бұзушылықтарға келер болсақ: Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімінің бұзылуы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызмет беруші мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті.

«Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 2-тарау 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды және құзыреті шегінде аумақтық аймақтар бөлінісіне сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін жер қатынастары жөніндегі және сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органдарға жолдауы қажет. Дегенмен, Отар ауылдық округі әкімінің аппараты қызмет алушы С. Каримовтың 2024 жылғы 09 қаңтарындағы №KZ53RVX01353473 өтінішін 10.01.2024 ж. сағат 16:43-де жұмыс кестесін бұзып кешіктіріп тіркеген. Сондай-ақ келесі 5 өтінішті тіркеу кезінде де орын алған:

1) KZ55RBE00694416; 2) KZ41RBE00711352; 3) KZ07RVX01076105;

4) KZ03RVX01076177; 5) KZ08RVX01140980.

2) Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту деректеріне талдау: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген) 1-қосымшасының 9 тармағына сәйкес заңнамада белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер көрсетілген.

Отар ауылдық округі әкімінің аппаратына ақпараттық жүйе арқылы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге берген өтінішке (№KZ27RBE00723632) «Жер телімінің нысаналы тағайындауы жеңіл типтегі конструкторға қызмет көрсету үшін. Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін. Мемлекеттік актіде Жер телімінің уақытша өтеулі жер пайдалануы жалға алу құқығы 1 жыл мерзімге сол себепті өзгертуге мүмкіншілік жоқ» деген себеппен бас тартқан (Қағидалардың 1-қосымшасының 9-тармағында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер қарастырылған).

Алайда, қызмет берушімен аталған 9-тармақтың тармақтарына(заңдарға) сілтеме жасалмай, қызмет алушыға дәлелді жауап жолданбаған).

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта құрылған деген аты ғана, ғимаратқа кіре-берісте кресло-қорапқа таңылған мүгедектер үшін төбесі жабылған, тайғақ жабынмен жабылған, екі жағында тұткалары бар пандус орнатылған, бірақ пандус үстіндегі плиталар жартылай ойылып түсіп қалған. Мүгедектердің автокөлігіне арналған автотұрақ бар. Браилл қарпімен жазылған мекеме атауы жоқ. Көзі нашар көретін немесе көмейтін зағип жандарға арналған тактильді жол жоқ. Ғимаратта мүгедектерді қабылдау орны қарастырылмаған, қабырғаларда арнайы тұтқалар орнатылмаған. Сонымен қатар, ғимарат ішінде санторап бар, бірақ мүгедектерге бейімделмеген. Құлағы нашар еститін немесе естімейтін мүгедектер үшін дыбыстық қондырғы орнатылмаған. Ғимарат кіре-берісіндегі есіктегі табалдырық (порог) өте биік (биіктігі 2 см аспау керек).

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Осы мәселе бойынша Кенен, Отар ауыл округтерінің әкімдері жауап береді.

Кенен ауылдық округінің әкімі Жылыбаев Арман Қуандықұлы баяндамада көрсетілген кемшіліктер дұрыс. Бұл кемшіліктер бойынша тиісті жұмыстар атқарылатын болады, -деп сөзін аяқтады.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ. Ендігі сөз , Отар ауылының әкімінің орынбасары Бакберген Дауталинге беріледі.

Дауталин Б.: Баяндамада көрсетілген кемшіліктер дұрыс. Бұл кемшіліктер бойынша тиісті жұмыстар атқарылатын болады және көптеген жаңа жобалар ауыл округінде жасалынып жатыр және жасалынады да, барлық жұмыстар атқарылатын болады, бәрі бақылауға алынған, -деп сөзін аяқтады.

Н.Молдабеков: Отар ауылының әкімінің орынбасары Бакберген Дауталинге сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ. Олай болса, шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? –жоқ. Бекітілсін. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Отар ауылдық округі әкімі Д.Есимов пен Кенен ауылдық округ әкімі А.Жылыбаевтың атқарылған жұмыстары назарға алынсын;

Отар ауылдық округі әкімі Д.Есимов пен Кенен ауылдық округ әкімі А.Жылыбаевқа төмендегідей ұсынымдар берілсін:

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның талаптарын орындау ұсынылсын;

Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қабылдау, тіркеу, оны уақытылы қарау кезінде «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексіне сәйкес жүргізілуін бақылауға алсын;

Кенен ауылдық округі бойынша мемлекеттік, көрсетілген қызметке жауапты мамандарды шешу жолдары қарастырылсын;

Мүгедектерге қолайлы орта құру және жасау;

Айына бір рет ашық есік акциясын өткізу;

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің танымалдығын арттыру үшін әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде мақалалардың жариялануын қамтамасыз ету;

Халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасының шекті мөлшерден асып кетпеуін бақылау, тиісті мүдделі мекемелермен іс-шара жұмыстарын жүргізу тапсырылсын; Елді мекендерін абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын;

Кенен ауылында ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапсын;

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауда ауыл бюджетінің кіріс бөлігінің жоспары міндетті түрде орындалуы бақылауға алынып, түсімдері бойынша жұмыстар жүргізілсін;

Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік – құқықтық жұмысы бөлімінің бас маманы Ж.Орақбайға аталған ауыл округтеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша методикалық және практикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру ұсынылсын;

Аталған ауылдық округтер бойынша атқарылған жұмыстары туралы анықтама аудан әкімі Б.Болатбековке жіберілсін;

Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші тамызына берілсін;

Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар каралды. Шешім қабылданды.

Молдабеков Н: Келесі мәселе, 2-ші жарты жылдыққа жоспардың жобасы қолдарыңызда, алып, қосарларыңыз болса қарап, маусым айында талқыланып, жоспар бекітілетін болады.

Сонымен қатар, алдағы маусым айының отырысында қаралатын мәселелер, олар:

1. Балалардың жазғы демалысын зерделеу, бұл мәселе «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері» жөніндегі комиссиясына жүктеледі. (Жамангозов Бейкүт Тлебалдыұлы).

2. Аудандағы су ресурстарының тиімді пайдалануы бойынша ауыл шаруашылық ұйымдарының сумен қамтамасыз ету жұмыстарының есебі, бұл мәселе «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына жүктеледі. (Агыбаева К.Т.).

3.«Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрлыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің 2024 жылдың қорытындысы және 2025 жылғы атқарылған жұмыстарының есебі және көрсетілген мемлекеттік қызметтердің (қағаз және электрондық нұсқада) бас тартулардың (негізделген/негізсіз) мерзімін бұзулардың, арыз - шағымдардың, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылған қызметкерлердің саны; «Е-Лицензиялау», «Е-Әкімдік» ақпараттық жүйелерінің қызметі; Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жетілдіру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар саны ж.т.б; Көрсетілетін қызметтердің мерзімін бұзудың себептері, оның алдын алу бағытында атқарылған шаралар; ұсыныстар мен ескертпелер туралы «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері» жөніндегі комиссиясына жүктеледі. (Алматаева А.Т.).

Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Н.Молдабеков өз сөзінде Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы

Р.Имашева